| <p align="center"><b>7. ТАУАРҒА КЕПІЛДІК</b></p> <p>Орындаушы мыналарға кепілдік береді:</p> <p>7.1. Орындаушыда, сондай-ақ оның қосалқы мердігерлерінде (бірлесіп орындаушылары), олар бар болған жағдайда, барлық рұқсат беретін құжаттардың, оның ішінде Қызмет көрсетуге лицензиялардың, сертификаттардың, шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттардың және өзге де Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін талап етілетін рұқсат құжаттарының бар болуына, ал Орындаушы мен қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) Қызмет көрсетуге тікелей қатысатын қызметкерлерінің Қызметтерді сапалы көрсету үшін қажетті біліктілігі мен тәжірибесінің бар болуына.</p> <p>7.2. Шарт бойынша Қызметтер сапалы түрде көрсетілуін және олардың Тапсырысшыға берілген нәтижелерінің сапалығын. Шарттың мәні болып табылатын Қызмет көрсетулер Қазақстан Республикасының заңнамасына және белгіленген талаптар мен стандарттарға, Шарттың талаптарына толықтай сәйкес болуы қажет. Қызмет көрсетудің барысында, сондай-ақ Қызмет көрсетудің нәтижелерінде анықталған кез келген сәйкессіздікті Орындаушы өз күшімен өз қаражытының есебінен Шарттың қолданылу мерзімі, сондай-ақ Тапсырысшы Қызмет көрсетулердің нәтижелерін қабылдаған күннен бастап 12 айдың ішінде жояды және/немесе Тапсырысшыға орнын толтырып өтейді.</p> <p>7.3. Қызмет көрсетулерді қабылдағаннан кейін Тапсырысшыға берілетін Қызмет көрсетулердің нәтижелеріне қатысты меншік құқығы Тапсырысшыға көшеді.</p> <p>7.4. Қызмет көрсетулердің нәтижелері еркін екендігіне және үшінші тұлғалардың Қазақстан</p> | <p align="center"><b>7. ГАРАНТИИ НА УСЛУГИ</b></p> <p>Исполнитель гарантирует, что:</p> <p>7.1. Исполнитель, а также его субподрядчики (соисполнители), при их наличии, имеют все разрешительные документы, в том числе лицензии, сертификаты на оказываемые Услуги, разрешения на привлечение иностранной рабочей силы и иные разрешительные документы, требуемые для оказания Услуг по Договору, а персонал Исполнителя и субподрядчиков (соисполнителей), непосредственно участвующий в оказании Услуг, – квалификацией и опытом, необходимыми для качественного оказания Услуг.</p> <p>7.2. Качественное оказание Услуг по Договору и качество их результатов, переданных Заказчику. Услуги, являющиеся предметом Договора, должны полностью соответствовать законодательству Республики Казахстан, установленным требованиям и стандартам, условиям Договора. Любое несоответствие, выявленное в ходе оказания Услуг, а также в результатах Услуг, будет устранено Исполнителем самостоятельно за счет собственных средств и/или возмещено Заказчику в течение периода действия Договора, а также 12 месяцев с даты приемки результатов Услуг Заказчиком.</p> <p>7.3. После приемки Услуг право собственности в отношении передаваемых Заказчику результатов Услуг переходит к Заказчику.</p> <p>7.4. Результаты Услуг свободны и будут свободны от любых прав и притязаний третьих лиц, которые основаны на промышленной и/или другой интеллектуальной собственности, согласно законодательству Республики Казахстан в сфере авторских и смежных прав, и Подрядчик несет</p> |





|   |   |
|---|---|
| <p>Республикасының авторлық және аралас құқықтар саласындағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік және/немесе басқа да интеллектуальдык меншіктілікке негізделген кез келген құқықтары мен талаптарынан еркін болады, және Мердігер Қызмет көрсетулерге байланысты пайда болатын интеллектуальдык құқықтың бұзылуына немесе жорамал бұзылуына байланысты пайда болған барлық іс-әрекеттер, талаптар, талап етулер, шығындар, шығыстар мен міндеттемелер бойынша жауапты болады, Тапсырысшыны жауаптылықтан босатады, қорғайды, шығындарын өтейді және оның жауаптылыққа тартылмауын қамтамасыз етеді.</p> <p>7.5. Осы Шартқа 1-қосымшаның талаптарына сәйкес мүдделер қактығысының жоқтығы туралы ұсынылған мәліметтердің нақтылығы мен толықтығына.</p> <p>7.6. Кепілдіктерде баяндалған ақпарат анық болып табылады және осы Тарауда көрсетілген кепілдіктердің сәйкестігі шын мәнінде Тапсырысшының Орындаушысының жалған айтуы болып табылады.</p> <p>7.7. Өзінің кез келген кепілдігінің бұзылғаны үшін толық жауаптылықта болады. Кепілдікті бұзу Шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен орындаушыны жауаптылыққа тарту үшін негіздеме болып табылады.</p> <p>7.8. Ол Шарт жасасу күніне берген кез келген ақпарат анық және нақты—әрі жаңылдырмайтын болып табылатын болады (сондай-ақ, Шартқа 1-қосымша нысанында ұсынылған Мүдделер қактығысының жоқ екендігі туралы мәліметтерде көрсетілген ақпараттар ескеріле отырып).</p> <p>7.9. Тапсырысшымен, «Самұрық-Қазына» АҚ компаниясының тобына кіретін ұйымдармен, Қазақстан Республикасымен, Қазақстан Республикасының Үкіметімен мүдделер қактығысы жоқ.</p> | <p>ответственность, освобождает от ответственности, защищает, возмещает ущерб и обеспечивает непривлечение к ответственности Заказчика в связи со всеми действиями, претензиями, требованиями, потерями, убытками, затратами, расходами и обязательствами, возникающими в связи с нарушением или предполагаемыми нарушениями интеллектуальных прав, возникающих в связи с оказанием Услуг.</p> <p>7.5. Достоверность и полноту представленных Сведений об отсутствии конфликта интересов в соответствии с условиями Приложения 1 к настоящему Договору.</p> <p>7.6 Информация, изложенная в гарантиях, является достоверной, и несоответствие гарантий, указанных в настоящем разделе, действительности признается обманом Исполнителем Заказчика. 7.7. Несет полную ответственность за нарушение любой из своих гарантий. Нарушение гарантии является основанием для привлечения к ответственности Исполнителя в порядке, установленном Договором и законодательством Республики Казахстан.</p> <p>7.8. Любая информация, представленная им, является и будет являться верной и точной и не вводящей в заблуждение (а также с учетом информации, указанной в Сведениях о отсутствии конфликта интересов, представленных по форме Приложения 1 к Договору) на дату заключения Договора.</p> <p>7.9. Отсутствует конфликт интересов с Заказчиком, Организациями, входящими в группу компаний АО «Самрук-Қазына», Республикой Казахстан, Правительством Республики Казахстан.</p> |
| <p><b>8. ЖЕҢУГЕ БОЛМАЙТЫН КҮШ ЖАҒДАЙЫ (ФОРС-МАЖОР)</b></p> <p>8.1. Тараптар, егер ол жеңуге болмайтын күш жағдайының әсері болып табылатын болса осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады.</p> <p>8.2. Жеңуге болмайтын күш жағдайы ретінде Шарт жасалғанан кейін Тараптың ескеруі мүмкін емес және оған қатысты емес төтенше сипаттағы оқиғаның нәтижесінде пайда болған жағдай ұғылады. Жеңуге болмайтын күш жағдайына ескеріс-қимылдарға, табиғи зілзалаларға және т.б. байланысты жағдайлар жатады.</p> <p>8.3. Шарттың 8.2-тармағында көрсетілген жағдайлардың салдарынан осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға жағдайы жоқ Тарап аталған жағдайдың пайда болғандығын растайтын тиісті құжатты қоса беру арқылы екінші Тарапты 48 сағаттың ішінде жазбаша түрде бұндай</p>  | <p><b>8. ОБСТОЯТЕЛЬСТВА НЕПРЕОДОЛИМОЙ СИЛЫ (ФОРС-МАЖОР)</b></p> <p>8.1. Стороны освобождаются от ответственности за полное или частичное невыполнение обязательств по настоящему Договору, если оно явилось следствием обстоятельств непреодолимой силы.</p> <p>8.2. Под обстоятельствами непреодолимой силы понимаются обстоятельства, которые возникли после заключения Договора в результате событий чрезвычайного характера, которые не могут быть предусмотрены стороной и не зависят от неё. К обстоятельствам непреодолимой силы относятся обстоятельства, связанные с военными действиями, стихийными бедствиями и т.п.</p> <p>8.3. Сторона, которая не в состоянии выполнить обязательства по настоящему Договору вследствие обстоятельств, указанных в пункте 8.2. настоящего Договора, должна известить другую Сторону о наступлении этих обстоятельств в письменном виде в течение 48 часов с</p>   |



|   |  |
|---|--|
| <p>жағдайлардың пайда болғандығы туралы құлақтандыруы тиіс. Көрсетілген құжаттарды Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы немесе сауда-өнеркәсіптік палатасы растауы және куәландыруы қажет.</p> <p>8.4. Егер женуге болмайтын күш жағдайы 1 (бір) айдан астам уақыт бойы әрекетін жалғастырса Тараптардың әр қайсысының Шартты одан әрі орындаудан бас тартуға құқығы бар, бұл жағдайда Тараптар іс жүзінде берілген Тауар мен жүргізілген төлемдер үшін осы Шарт бойынша өзара есеп айырысулар жүргізуге міндеттенеді.</p>  | <p>приложением соответствующих документов, подтверждающих возникновение данных обстоятельств. Указанные документы должны быть подтверждены и удостоверены уполномоченным органом Республики Казахстан или торгово-промышленной палатой.</p> <p>8.4. Если обстоятельства непреодолимой силы продолжают действовать в течение более 1 (одного) месяца, каждая из Сторон имеет право отказаться от дальнейшего исполнения Договора, в этом случае Стороны обязуются произвести взаиморасчеты по настоящему Договору за фактически оказанные Услуги и по произведенным платежам.</p>   |
| <p align="center"><b>9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТӘРТІБІ</b></p> <p>9.1. Шартты орындау, өзгерту, бұзу процесінде пайда болған барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі.</p> <p>9.2. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.</p> <p>9.3. Шартпен көзделмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.</p>  | <p align="center"><b>9. ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ</b></p> <p>9.1. Все споры и разногласия, возникающие в процессе исполнения, изменения, расторжения Договора, разрешаются путем переговоров.</p> <p>9.2. В случае невозможности достижения согласия споры разрешаются в судебном порядке, в соответствии с законодательством Республики Казахстан.</p> <p>9.3. Все вопросы, непредусмотренные Договором, регулируются законодательством Республики Казахстан.</p>   |
| <p align="center"><b>10. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТАЛАПТАР</b></p> <p>10.1. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында Тараптар, сондай-ақ олардың аффилирленген тұлғалары, қызметкерлері, агенттері, өкілдері, делдалдары мен қосалқы мердігерлері (бірлесіп орындаушылары) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті қоса алғанда Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ Ұлыбританияның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама) бұзушылыққа не оны бұзуға жәрдемдесетін іс-әрекеттер жасаудан, оларды жасауға пайғыл танытудан тартынады, қандай да болмасын заңсыз басымдықтарға ие болу немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу мақсатында кез келген тұлғаларға олардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне әсер ету үшін қандай да болмасын ақша қаражаттарын немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.</p> <p>10.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында Тараптар, олардың аффилирленген тұлғалары, қызметкерлері, делдалдары мен қосалқы мердігерлері (бірлесіп орындаушылары) Шарттың мақсаттары үшін қолданымды заңнама бойынша пара алу/беру, коммерциялық пара беру болып табылатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді іске асырмайды.</p> <p>10.3. Шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін</p> | <p align="center"><b>10. АНТИКОРРУПЦИОННЫЕ ТРЕБОВАНИЯ</b></p> <p>10.1. Стороны подтверждают, что они, а также их аффилированные лица, работники, агенты, представители, посредники и субподрядчики (соисполнители) не совершали, не побуждали к совершению действий, нарушающих либо способствующих нарушению законодательства Республики Казахстан, в том числе в области борьбы с коррупцией, а также Закона Великобритании «О борьбе с коррупцией» (далее – «Антикоррупционное законодательство»), не выплачивали, не предлагали выплатить и не разрешали выплату каких-либо денежных средств или ценностей, прямо или косвенно, любым лицам, для оказания влияния на действия или решения этих лиц с целью получить какие-либо неправомерные преимущества или достичь иные неправомерные цели.</p> <p>10.2. При исполнении своих обязательств по Договору, Стороны, их аффилированные лица, работники, агенты, представители, посредники и субподрядчики (соисполнители) не осуществляют действия, квалифицируемые применимым для целей Договора законодательством, как дача/получение взятки, коммерческий подкуп, а также действия, нарушающие требования Антикоррупционного законодательства.</p> <p>10.3. При исполнении своих обязательств по Договору, Стороны обязуются: соблюдать требования применимого для целей Договора законодательства, связанные с борьбой с коррупцией, а также требования</p> |



|  |   |
|--|---|
| <p>орындау барысында Тараптар: Шарттың мақсаттары үшін қолданымды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты талаптарды, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын сақтауға, және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлықты жоюға арналған орынды шараларды орындауға міндеттенеді.</p> <p>10.4. Тапсырысшы Шарттың орындалу барысын талдау мақсатында Орындаушыдан Шартты орындау жөніндегі мәліметтер бар кез келген құжаттарды сұратуға құқы бар.</p> <p>10.5. Тараптар Шарттың осы тармағының қандай да болмасын ережелерінің бұзылғанынан немесе бұзылаын деп тұрғанынан сескенсе, онда тиісті Тарап екінші Тарапты ол туралы жазбаша түрде құлақтандыруға міндеттенеді.</p> <p>10.6. Жазбаша құлақтандыруда Тарап фактілерге жүгінуге немесе Тараптың, оның аффилирленген тұлғаларының, қызметкерлерінің, делдалдары мен (немесе) қосалқы мердігерлерінің (бірлесіп орындаушыларының) Шарттың осы тармағының қандай да болмасын ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе күдіктенуге негіз болатын материалдарды ұсынуы керек.</p> <p>10.7. Жазбаша құлақтандыру алған Тарап 10 күндік мерзім ішінде тексеру жүргізуге және екінші Тарапқа оның нәтижелерін ұсынуға міндетті.</p> <p>10.8. Егер Орындаушы Шарттың осы тармағының қандай да болмасын ережелерінің бұзылғанынан немесе бұзылаын деп тұрғанынан сескенсе, Орындаушы Тапсырысшының Ерікті хабардар ету саясатына сәйкес ол туралы ерікті хабарлама жібере алады. Орындаушының ерікті хабарламаларды жіберудің, сондай-ақ Тапсырысшының оларды қарауының тәртібін белгілейтін Ерікті хабардар ету саясаты Тапсырысшының корпоративтік веб-сайтында орналастырылған.</p> <p>10.9. Егер Тапсырысшы Шарттың осы тармағының қандай да болмасын ережелерінің бұзылғанынан немесе бұзылаын деп тұрғанынан сескенсе, Тапсырысшы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Берушіде кешенді тексеру жүргізуге құқылы.</p> | <p>Антикоррупционного законодательства, и принимать адекватные меры для предотвращения коррупции в соответствии с Антикоррупционным законодательством.</p> <p>10.4. Заказчик имеет право запрашивать у Исполнителя любые документы, содержащие сведения по исполнению Договора в целях анализа хода исполнения Договора.</p> <p>10.5. В случае возникновения у Стороны подозрений, что произошло или может произойти нарушение каких-либо положений настоящего пункта Договора, соответствующая Сторона обязуется уведомить другую Сторону в письменной форме.</p> <p>10.6. В письменном уведомлении Сторона обязана сослаться на факты или предоставить материалы, достоверно подтверждающие или дающие основание предполагать, что произошло или может произойти нарушение каких-либо положений настоящего пункта Договора Стороной, ее аффилированными лицами, работниками, посредниками и (или) субподрядчиками (соисполнителями).</p> <p>10.7. Сторона, получившая письменное уведомление, обязана в 10-дневный срок провести расследование и представить его результаты в адрес другой Стороны.</p> <p>10.8. В случае возникновения у Исполнителя подозрений, что произошло или может произойти нарушение каких-либо положений настоящего пункта Договора, Исполнитель может направить инициативное сообщение об этом в соответствии с Политикой инициативного информирования Заказчика. Политика инициативного информирования, предусматривающая порядок направления Исполнителем сообщений инициативного информирования, а также их рассмотрения Заказчиком размещена на корпоративном веб-сайте Заказчика.</p> <p>10.9. В случае возникновения у Заказчика подозрений, что произошло или может произойти нарушение каких-либо положений настоящего пункта Договора, Заказчик имеет право провести комплексную проверку Поставщика с целью обеспечения соблюдения требований Антикоррупционного законодательства.</p> |
| <p style="text-align: center;"><b>11. ҚҰПИЯЛЫҚ</b></p> <p>11.1. Тараптар осы Шарт бойынша бір-біріне беретін құжаттамалар мен техникалық ақпараттар құпия болып табылады және олардың тарапынан жалпы мәлімет үшін жарияланбайды және/немесе таратылмайды, сондай-ақ белгіленген тәртіппен осы Шарт бойынша ақпарат талап етуге құқығы бар органдардың талап етуін, сондай-ақ Шарттың 11.2-тармағымен белгіленген жағдайды қоспағанда, құпиялылық туралы тиісті келісімнің негізінде екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз</p>  | <p style="text-align: center;"><b>11. КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТЬ</b></p> <p>11.1. Документация и техническая информация, передаваемые сторонами друг другу по настоящему Договору, являются конфиденциальными и не будут ими опубликовываться и/или распространяться для всеобщего сведения, а также передаваться третьим лицам без предварительного письменного согласия другой стороны на основании соответствующего соглашения о конфиденциальности, за исключением требований органов, имеющих право в установленном порядке требовать информацию</p>   |



|  |  |
|--|--|
| <p>үшінші тұлғаларға берілмейді.</p> <p>11.2. Қызмет көрсетулердің нәтижелеріне арналған меншік құқықтары Тапсырысшыға ауысқаннан кейін Тапсырысшы оларды өзінің қалауы бойынша, Орындаушының алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға ашуға құқылы.</p>   | <p>по настоящему Договору, а также случая, установленного пунктом 11.2. Договора.</p> <p>11.2. После перехода права собственности на результаты Услуг к Заказчику, Заказчик вправе раскрывать их по своему усмотрению третьим лицам без предварительного письменного согласия Исполнителя.</p>   |
| <p style="text-align: center;"><b>12. ХАТ-ХАБАРЛАР</b></p> <p>12.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат жазысу жүргізу, құлақтандыру, нұсқаулықтар, келісім, бекіту, сертификаттар немесе кімнің болмасын шешімін ұсыну немесе шығару қажет болса және, егер басқаша тұрғыда айтылмаса, онда хат жазысулардың мұндай түрі негізсіз бас тартуларсыз және кешіктірулерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.</p> <p>12.2. Аталған Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат жазысу жөніндегі барлық құжаттарда Тараптардың Шарттың нөмірі бар деректемесі болуы керек.</p> <p>Байланыстың электронды түрлерімен берілетін, қолдан жазылған немесе басылған – Осы Шарттың талаптары бойынша Тараптардың кез келгені екінші Тараптан талап еткен, рұқсат еткен немесе берген кез келген хат-хабар, құлақтандыру, есеп берулер, сұрау салулар, талап етулер, бекітулер, келісулер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарлаулар күні бұрын орындалуы және жолданым арналған Тараптың дұрыс көрсетілген мекен-жайымен танылған курьерлік қызметтің көмегімен (барлық почта жөнелтілімдері алдын ала ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады) немесе факсимильдік байланыс және/немесе телекстер арқылы - алғандығы туралы түбіршектер талап етіле отырып – осындай тапсырысты хат жөнелту арқылы алғандығы туралы қағаз алғаннан кейін беріледі.</p> <p>Курьерлік почтамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жөнелтілген кез келген хабарлама берілген сәтте алынған болып есептеледі (неғұрлым ертерек алынғандығын растау болмаған кезде).</p> <p>12.3. Тапсырысты (авиа) хатпен жөнелтілген құлақтандыру почта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің почтаның жеткізілгенін растайтын мөртаңбасы болуы шартымен жеткізілген болып есептеледі.</p> | <p style="text-align: center;"><b>12. КОРРЕСПОНДЕНЦИЯ</b></p> <p>12.1. Если по условиям Договора необходимо вести какую-либо переписку, представлять или выпускать уведомления, инструкции, согласия, утверждения, сертификаты или чьи-либо решения и, если не оговорено иным образом, то такой вид переписки осуществляется в письменной форме без необоснованных отказов и задержек.</p> <p>12.2. Все документы по переписке согласно или в связи с данным Договором должны иметь реквизиты Сторон с номером Договора. Любая корреспонденция, уведомления, отчеты, запросы, требования, утверждения, согласия, инструкции, заказы, сертификаты или другие сообщения - передаваемые по электронным видам связи, написанные от руки или напечатанные - затребованные, разрешенные или выданные любой из Сторон другой Стороне, по условиям этого Договора должны выполняться заблаговременно и вручаться после получения расписки в получении, путем отправления такого же заказного письма (с требованием квитанции о получении), с помощью признанной курьерской службы (все почтовые отправления осуществляются с предоплатой) или посредством факсимильной связи с правильно указанным адресом Стороны, которой адресовано послание.</p> <p>Любое сообщение, отправленное курьерской почтой, телеграммой или факсом считается (при отсутствии подтверждения более раннего получения) доставленным в момент самой передачи.</p> <p>12.3. Уведомление, отправленное заказным (авиа) письмом, считается доставленным при условии наличия штампа почтового отделения или курьерской службы подтверждающего доставку почты.</p> |
| <p style="text-align: center;"><b>13. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУЛЕРДІҢ БАРЫСЫ МЕН САПАСЫН ТЕКСЕРУ</b></p> <p>13.1. Тапсырысшы кез келген уақытта Қызмет көрсетудің барысы мен сапасын, Қызмет көрсетудің мерзімін, жабдықтар мен материалдардың сапасын, мамандардың біліктілігін және т.б. өз күшімен немесе үшінші тұлғаларды тартып тексеруге құқылы. Орындаушы Тапсырысшы уәкілеттендірген үшінші тұлғаның сұратуы бойынша қажетті ақпараттарды беруге міндетті. Бұл ретте, тексерудің барысында Шарттың талаптарынан</p>  | <p style="text-align: center;"><b>13. ПРОВЕРКА ХОДА И КАЧЕСТВА УСЛУГ</b></p> <p>13.1. Заказчик вправе в любое время проверять ход и качество Услуг, сроки оказания Услуг, качество материалов и оборудования, квалификацию специалистов и т.п. своими силами или с привлечением третьих лиц. Исполнитель обязан предоставлять необходимую информацию по запросу третьих лиц, уполномоченных Заказчиком. При этом, обнаружение в процессе проверки отступлений от условий Договора или иных</p>   |



|  |   |
|--|---|
| <p>ауытқушылықтың немесе өзге де кемшіліктердің байқалуы Орындаушыны оның Шарт бойынша қандай да болмасын міндеттемелерін орындаудан босатпайды және Тапсырысшыны көрсетілетін Қызметтердің мерзімдеріне, көлемдеріне және сапасына одан әрі де талап қою құқығынан, сондай-ақ Шарттың 4.1.9. тармақтарында көрсетілген құқықтардан айырмайды.</p> <p>Тапсырысшының талабы бойынша Орындаушы Тапсырысшыға және/немесе оның өкілдеріне Шартты орындауға байланысты ақпаратты тексеруді жүргізуге жәрдем көрсетеді. Тапсырысшы тексеру ұйымдастырған кезде Орындаушыға келтіретін қолайсыздықтарды неғұрлым азайтуға тырысады.</p> <p>Орындаушы тиісті сұрату алынған сәттен бастап 2 күннен кешіктірмей Тапсырысшыны Қызмет көрсетудің барысы туралы құлақтандыруға, сондай-ақ көрсетілген Қызметтердің көлемдері мен сапасын растайтын қажетті құжаттаманы ұсынуға міндеттенеді.</p> <p>Орындаушы Шарт бойынша кез келген қосалқы мердігерді (бірлесіп орындаушыны) сондай тексеруге қатысты Тапсырысшының жоғарыда аталған құқықтарына тепе-тең құқықтарын алуы қажет және Тапсырысшыға сондай құқықтар беруге міндетті.</p>  | <p>недостатков не освобождает Исполнителя от каких-либо обязательств по Договору и не лишают Заказчика права в дальнейшем предъявить требования в отношении сроков, объемов и качества оказываемых Услуг, а также права, предусмотренного пунктом 4.1.9 Договора.</p> <p>По требованию Заказчика Исполнитель оказывает содействие Заказчику и/или его представителям в проведении любой проверки информации, связанной с исполнением Договора. Заказчик организует проверку таким образом, чтобы неудобства, причиненные Исполнителю, были минимальными.</p> <p>Исполнитель обязуется не позднее 2 дней с момента получения соответствующего запроса информировать Заказчика о ходе оказания Услуг, а также предоставлять необходимую документацию, подтверждающую объем и качество оказанных Услуг.</p> <p>Исполнитель должен получить права, аналогичные вышеозначенным правам Заказчика, в отношении проведения такой проверки любого субподрядчика (соисполнителя) по Договору и обязуется предоставить такие права Заказчику.</p>  |
| <p><b>14. ШАРТТЫ БҰЗУДЫҢ ТӘРТІБІ</b></p> <p>14.1. Тапсырысшының мынадай жағдайларда:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) егер Қызметтерді көрсетуді кешіктіру 30 күнтізбелік күннен асса не өсімақылдарды және (немесе) айыппұлдарды төлеуді кешіктіру 15 (он бес) күнтізбелік күннен асса;</li> <li>2) егер Орындаушы болсын, қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) болсын Шарт бойынша өзінің қандай да бір басқа міндеттемелерін орындамаса немесе орындай алмаса;</li> <li>3) егер Орындаушы болсын, қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) болсын құпиялық шарттарын бұзса;</li> <li>4) егер Орындаушы көрсетілетін Қызметтердегі қазақстандық қатысу үлесі жөнінде жалған ақпарат берсе;</li> <li>5) егер Орындаушы, оның аффилирленген тұлғалары, қызметкерлері, делдалдары немесе қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) Шарттың 10-тарауының талаптарын бұзса;</li> <li>6) егер Орындаушы Шартқа 1-қосымша нысаны бойынша мүдделер қақтығыстарының жоқ екендігі, оның ішінде мәліметтерге қатысты мүдделер қақтығысының жоқ екендігі туралы қасақана немесе қасақана емес жалған мәлімет берсе;</li> <li>7) Стандартпен көзделген жағдайларды ескере отырып, мүдделер қақтығысын анықтаса Шарттың талаптарын бұзғаны үшін Орындаушыға қандай да болмасын төлемдерді өтеместен Орындаушыға Шартты бұзу ұйғарылған күнге дейін 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша құлақтандыру жолдау арқылы Шартты қандай да болмасын басқа санкцияларға зиян келтірместен бір жақты тәртіппен толық немесе ішінара бұзуға құқы бар.</li> </ol> | <p><b>14. ПОРЯДОК РАСТОРЖЕНИЯ ДОГОВОРА</b></p> <p>14.1. Без ущерба каким-либо другим санкциям за нарушение условий Договора Заказчик имеет право в одностороннем порядке расторгнуть Договор полностью или частично, с требованием возмещения убытков, без возмещения Исполнителю каких-либо выплат, без применения штрафных санкций к Заказчику и освобождая и (или) ограждая Заказчика от любой ответственности либо ущерба, вытекающих из досрочного расторжения Договора, направив Исполнителю не позднее 15 календарных дней до предполагаемой даты расторжения Договора письменное уведомление, в случаях:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) если просрочка оказания Услуг превысит 30 календарных дней либо задержка выплаты пени и(или) штрафов превысит 15 (пятнадцать) календарных дней;</li> <li>2) если Исполнитель, равно как и субподрядчик (соисполнитель), не выполняет или не может выполнить какие-либо другие свои обязательства по Договору;</li> <li>3) если Исполнитель, равно как и субподрядчик (соисполнитель), нарушил условия конфиденциальности;</li> <li>4) если Исполнителем представлена недостоверная информация по доле местного содержания в оказываемых Услугах;</li> <li>5) если Исполнителем, его аффилированными лицами, работниками, посредниками или субподрядчиками (соисполнителями) нарушены требования раздела 10 Договора;</li> <li>6) если Исполнитель намеренно или непреднамеренно предоставил ложные сведения об отсутствии конфликта интересов, в том числе в отношении Сведений об отсутствии конфликта</li> </ol> |



|   |   |
|---|---|
|   | <p>интересов, представленных по форме Приложения 1 к Договору;</p> <p>7) выявления конфликта интересов с учетом положений, предусмотренных Стандартом.</p>  |
| <p><b>15. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ</b></p> <p>15.1. Осы Шарт қол қойылған сәттен бастап бастап күшіне енеді және 31.12.2017 дейін, ал өзара есеп айырысулар бөлігінде – олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.</p> <p>15.2. Аффилилендірілген тұлғалардың арасында Шарттар жасалған жағдайда Шарт Тараптардың уәкілетті органдарының оны жасасу туралы шешім қабылдауы шартымен күшіне енеді.</p>   | <p><b>15. СРОК ДЕЙСТВИЯ ДОГОВОРА</b></p> <p>15.1. Настоящий Договор вступает в силу с момента подписания и действует до 31.12.2017, а в части взаиморасчетов – до их полного завершения.</p> <p>15.2. В случае заключения Договора между аффилированными лицами, Договор вступает в силу при условии принятия уполномоченными органами Сторон решений о его заключении.</p>   |
| <p><b>16. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР</b></p> <p>Осы Шартпен Орындаушы Тапсырысшыға:</p> <p>16.1. Орындаушының Қызметтер көрсету процесінде мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда Бірыңғай базамен көзделген барлық деректерді аша отырып, оны Бірыңғай базаға («Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының корпоративтік порталындағы мүдделер қақтығысы мәселесі жөніндегі Кенесшілер туралы деректердің/мәліметтердің электронды жүйелі түрде жаңартылып отыратын базасы) енгізуге;</p> <p>16.2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген көздерден, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарынан және басқаларынан Орындаушылар туралы ақпаратты қадағалап отыруға және жинақтауға;</p> <p>16.3. Стандарттарға сәйкес, Орындаушы туралы тиісті мәліметтер және (немесе) Орындаушының өзінің міндеттемелерін, өзін өзі ұстаудың жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін және бизнесті жүргізу этикасын, Стандарттың ережелері мен талаптарын бұзғандығы туралы кәсіби бірлестіктің құлақтандыруын алу мақсатында Орындаушы мүшесі болып табылатын мемлекеттік органдарға, кәсіби бірлестіктерге хат жолдауға;</p> <p>16.4. Орындаушы мен оның қызметтер көрсетуге тартылған оның қызметкерлерінің жеке деректерін жинауға, өңдеуге және пайдалануға келісім береді.</p> | <p><b>16. ПРОЧИЕ УСЛОВИЯ</b> Настоящим Договором Исполнитель дает согласие Заказчику:</p> <p>16.1. На включение его в Единую базу (электронная систематически обновляемая база данных/сведений о Консультантах по вопросу конфликта интересов на корпоративном портале группы компаний АО «Самрук-Казына») с раскрытием всех данных, предусмотренных Единой базой, в случае выявления конфликта интересов в процессе оказания Исполнителем Услуг;</p> <p>16.2. Отслеживать и собирать информацию о Исполнителе из любых не запрещенных законодательством Республики Казахстан источников, в том числе из средств массовой информации и др.</p> <p>16.3. На письменное обращение в соответствии со Стандартом в государственные органы, профессиональные объединения, в которых Исполнитель является членом, в целях получения надлежащих сведений об Исполнителе и (или) уведомления профессионального объединения о нарушении Исполнителем своих обязательств, общепризнанных норм и правил поведения и этики ведения бизнеса, положений и требований Стандарта</p> <p>16.4. На сбор, обработку и использование персональных данных Исполнителя и его работников, привлеченных к оказанию Услуг.</p> |
| <p><b>17. ҚОРТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР</b></p> <p>17.1. Орындаушы Тапсырысшыны құрылтайшылық құжаттардың, қосалқы мердігердің қызметкерлерінің біліктілігін растайтын құжаттардың, көрсетілетін Қызметтерге арналған лицензияларды, сертификаттарды қоса алғанда рұқсат беру құжаттарының, шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат қағаздарының және Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін талап етілетін өзге де рұқсат беру құжаттарының көшірмелерін ұсына отырып</p>   | <p><b>17. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ</b></p> <p>17.1 Исполнитель имеет право передавать на субподряд часть Услуг, оказываемых в соответствии с Договором при условии, что привлечение субподрядчиков (соисполнителей) предусмотрено тендерной документацией и заявкой (в случае осуществления закупок способом тендера или способом из одного источника по итогам несостоявшегося тендера в соответствии с Правилами закупок) или или технической спецификацией, являющейся приложением к Договору (в случае осуществления закупок иными</p>  |



алдын ала құлақтандырып, Шартқа сәйкес көрсетілетін Қызметтердің бір бөлігін, егер ол қосалқы мердігерді (бірлесіп орындаушыны) тарту тендерлік құжаттама мен өтінімде (егер сатып алу тендер тәсілімен немесе Сатып алу ережесіне сәйкес өтпеді деп танылған тендердің қортындылары бойынша бір көзден тәсілімен жүзеге асырылған жағдайда) немесе Шарттың қосымшасы болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетілген болса, сондай-ақ берілетін Қызмет көрсетулердің көлемі қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуды реттейтін жоғарыда аталған құжаттарда көрсетілген көлемінен аспаса Қосалқы мердігерлікке беруге құқы бар. Шартты орындау үшін қосалқы мердігерді тартқан жағдайда Орындаушы қосалқы мердігердің осы Шарттың барлық талаптарын орындауын қамтамасыз етеді.

17.2. Шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа қосымша жазбаша келісім түрінде ресімделеді.

17.3. Шартқа барлық толықтырулар мен өзгерістер жазбаша түрде жасалған, Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған және мөрлермен бекітілген болса қолданымды деп есептеледі. Шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Шартқа қосымша жазбаша түрдегі келісім түрінде ресімделеді және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын. Шартқа осы Шартпен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы мен акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік және сенімді басқару құқығымен тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алуының ережесімен көзделген жағдайларды қоспағанда Шартқа Орындаушыны таңдау үшін негіз болып табылатын шарттар мен ұсыныстардың мазмұнын өзгертуі мүмкін болатын өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

17.4. Шартқа қол қойылғаннан кейін оның алдындағы Шарт жөніндегі барлық ауызша және жазбаша келіссөздер күшін жояды.

17.5. Шартқа Орындаушыны таңдау үшін ұсыныстың мазмұнын өзгертуі мүмкін болатын өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

17.6. Тараптардың осы Шартпен көзделген өзінің құқықтары мен міндеттерін Тараптардың заңды құқықтық мұрагерлерін қоспағанда оған екінші Тараптың алдын ала келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

17.7. Тапсырысшы мен Орындаушының банктік деректемелері немесе заңды мекен-жайлары өзгерген жағдайда Тараптар өзгеру күніне дейін 5 банктік күннен кешіктірмей ол туралы күні бұрын бір-бірін хабардар етеді.

Егер құлақтандыру мерзімдерінің бұзылуы немесе алушы-Тараптың төлемге арналған деректемелерін

способами), а также что объем передаваемых Услуг не будет превышать объем, указанный в вышеуказанных документах, регламентирующих привлечение субподрядчиков (соисполнителей), предварительно уведомив Заказчика не позднее чем за 10 (десять) дней до предполагаемого начала работы субподрядчика (соисполнителя), с предоставлением копий учредительных документов и документов, подтверждающих квалификацию работников субподрядчика, разрешительных документов, в том числе лицензии, сертификаты на оказываемые Услуги, разрешения на привлечение иностранной рабочей силы и иные разрешительные документы, требуемые для оказания Услуг по Договору. В случае привлечения для выполнения Договора субподрядчика Исполнитель обеспечивает соблюдение субподрядчиком всех требований настоящего Договора.

17.2. Все приложения, упомянутые ниже в Договоре, являются его неотъемлемой частью.

17.3. Все дополнения и изменения к Договору, будут считаться действительными, если они выполнены в письменном виде, подписаны уполномоченными лицами Сторон и скреплены печатями. Изменения и дополнения, вносимые в Договор, оформляются в виде дополнительного письменного соглашения к Договору, являющегося неотъемлемой частью Договора. Не допускается вносить в Договор изменения, которые могут изменить содержание условий и предложений, явившегося основой для выбора Поставщика, за исключением случаев, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и Правилами закупок товаров, работ и услуг акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына» и организациями, пятьдесят и более процентов акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Казына» на праве собственности или доверительного управления.

17.4. После подписания Договора все предыдущие переговоры в устной и письменной форме по Договору утрачивают силу.

17.5. Не допускается вносить какие-либо изменения в Договор, которые могут изменить содержание предложения, явившегося основой для выбора Исполнителя.

17.6. Стороны не вправе передавать свои права и обязанности, предусмотренные Договором, третьим лицам, за исключением законных правопреемников Сторон.

17.7. В случае изменения банковских реквизитов или юридических адресов Заказчика и Исполнителя, Стороны заблаговременно известят об этом друг друга не позднее 5 банковских дней до даты изменений.

В случае, если в результате нарушения сроков уведомления или неправильного указания Стороной-получателем реквизитов для оплаты платежа были произведены по неправильным реквизитам, Сторона-плательщик считается надлежаще исполнившей обязательства по оплате. При этом, если перечисленные деньги возвратятся на расчетный счет Стороны-плательщика, Сторона-



|  |  |
|--|--|
| <p>қате көрсеткенінің нәтижесінде төлемдер қате деректемелер бойынша жүргізілген жағдайда төлеуші-Тарап төлем бойынша міндеттемелерін дұрыс орындады деп есептеледі. Бұл ретте, егер аударылған ақша төлеуші-Тараптың есеп шотына қайтарылған болса, төлеуші-Тарап алынған ақшаны алушы-Тарапқа қате деректемелер бойынша ақша аударуға кеткен қосымша шығыстардың сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалып аударуға міндетті.</p> <p>17.8. Шарт Тапсырысшы мен Орындаушы үшін бір-бір данадан бірдей заң күші бар қазақ және орыс тіліндегі екі данада жасалды. Түрліше оқылуы жағдайында орыс тіліндегі мәтінің басымдықты күші бар.</p> <p>17.9. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшалар:</p> <p>1) 1-қосымша Мудделер қақтығысының жоқтығы туралы мәліметтер;</p> <p>2) 2-қосымша Техникалық өзіндік етекшелік.</p> | <p>плательщик обязана перечислить полученные деньги Стороне-получателю, удержав при этом в одностороннем порядке сумму дополнительных расходов, понесенных в результате перечисления денег по неправильным реквизитам.</p> <p>17.8. Договор составлен в двух экземплярах на русском, казахском языках, которые имеют одинаковую юридическую силу, по одному экземпляру для Исполнителя и Заказчика. В случае разночтений, преимущество имеет текст на русском языке.</p> <p>17.9. Приложения, являющиеся неотъемлемой частью Договора:</p> <p>1) Приложение 1 Сведения об отсутствии конфликта интересов;</p> <p>2) Приложение 2 Техническая спецификация.</p> |
| <p align="center"><b>18. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ МЕН БАНКТИК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:</b></p> <p align="center"><b>Тапсырысшының деректемелері</b></p> <p>ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ<br/>Астана қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 2-дом<br/>«Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ<br/>Астана аймақтық филиалы<br/>СТН 620100210124<br/>ИИК KZ6560 1011 1000 0225 42<br/>SWIFT: HSBKKZKX<br/>КБс 17, ОКПО 40206384</p> <hr/> <p align="center"><b>Орындаушының деректемелері</b></p> <hr/>  | <p align="center"><b>18. ЮРИДИЧЕСКИЕ АДРЕСА И БАНКОВСКИЕ РЕКВИЗИТЫ СТОРОН:</b></p> <p align="center"><b>Реквизиты Заказчика</b></p> <p>АО «РД «КазМунайГаз»<br/>г. Астана, ул. Тәуелсіздік, дом 2<br/>АО «Народный Сберегательный Банк Казахстана»<br/>Астанинский региональный филиал<br/>РНН 620100210124<br/>ИИК KZ6560 1011 1000 0225 42<br/>SWIFT: HSBKKZKX<br/>КБс 17, ОКПО 40206384</p> <hr/> <p align="center"><b>Реквизиты Исполнителя</b></p> <hr/>  |